

«Шоқан Уәлиханов атындағы шағын орталықты орта мектебі» КММ-де
өткізілген қамқоршылық кеңес отырысының

№ 8 ХАТТАМАСЫ

Құлан ауылы

02.10.2020 жыл

Қатысқандар: 7

Қатыспағандар: 2 (себепті)

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектеп директорының Қамқоршылық кеңес алдындағы жылдық есебі
Шолпан Еркетайқызы Дайрабаева-мектеп директоры
2. Әр түрлі мәселелер.

1. Тыңдалды. Мектеп директоры Дайрабаева Шолпан Еркетайқызы:

Биылғы 2020-2021 оқу жылында мектепте бойынша барлығы 364 оқушы білім алуда. Қазіргі елімізде болып жатқан санитарлық эпидимиологиялық жағдайға байланысты, бастауыш 1-4 сыныптар кезекші сыныпта мектепте оқытылуда, 5-9 сынып аралығындағы оқушылар қашықтықтан оқытылып жатыр. Қазіргі уақыттағы мектептегі ремонтқа байланысты ІІ қабатта санитарлық талаптарды сақтай отырып бастауыш сынып оқушылары әр сыныпқа бөлінген тек бір кабинетте жеке жалғыз өзі оқушы бір партада отырады. Сабақ барысында қоңыраулары әр түрлі уақытта соғылады, оқушылар мектепке келген кезде мектеп мейірбикесі балалардың дене қызуларын өлшеп, қолдарын дезинфекциялау жұмыстары ұйымдастырылуда. Сыныптарды желдету, кварцтау және ылғалды тазалау жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, бастауыш сыныптарда тек негізгі пәндерді мектепте оқытылса, қалған пәндер қашықтықтан оқытылуда.

Ата-аналарға санитарлық-эпидимиологиялық және мектепке баратын кезде қойылатын талаптар жайлы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, оқу қашықтықтан жүргізілетінін ескеріп әлеуметтік санаттағы азқамтылған оқушыларға мектеп, білім бөлімі тарапынан компьютерлік техникамен (моноблок, ноутбук, нэйтбук, планшетпен) қамту мақсатында барлығы 49 отбасы компьютерлік техника құрылғысымен қамтылды.

Сөндай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 684 бұйрығының 4 қосымшасы негізінде «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша биылғы оқу жылында мектебімізде бірмезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылған 108 оқушының тізімі бекітілген. Және де ол оқушылардың әлеуметтік атаулы көмек алатын және де ІІ санаттағы азқамтылған отбасынан шыққан отбасылардан құрайтындығын айтып өтті.

2020 жылдың жаз айларында мектепте күрделі жөндеу жұмыстары жасалып, мектепке құны 3.900.000 тенге тұратын сегіз көзді дәретхана соғылды. Мектептің ішіне соғылған дәретхана оқушыларға ыңғайластырылған. Жөндеу жұмыстарына қаражат аудандық білім бөлімінің тарапынан қарастырылғандығын айтты.

Мектептің ағымдағы жөндеу жұмыстарына қаражат аудандық білім бөлімінің тарапынан сырлау, ақтау жұмыстарына төмендегідей заттар берілді:

Ақ сыр – 100 кг – 37.600 т

Қоңыр сыр 10 кг – 4.250т

Сары сыр 7 кг – 2.975т

Водемулсия 100 кг – 8000т т.б. барлығы: 52.825 тенге жұмсалды.

2020 жылдың маусым қыркүйек айларында санитарлық талаптарды сақтау мақсатында, аудандық білім бөлімінен берілген қажетті материалдар:

1. Антисептик 20 дана-32.000 т
2. Медициналық қолғап 50 дана-8.500 т
3. Белизна 21 дана-5.607 т
4. Порошок 19 дана-5073 т
5. Мыло хоз 76 дана-10.032 т
6. Бетош 25 метр – 8.925 т
7. Перчатка қалың 30 шт – 8.010 т
8. Дихлор 8 кг- 7.856 т
9. Барлығы: 80.930 теңге.

Сондай-ақ атқарылған жұмыстарға толық талдау жасай отырып, мектеп қордаланған мәселелерге тоқталып өтті. Бір қатар жүргізілген күрделі және жұмыстарын әлі де толық қадағалап қатаң талап қоя отырып мектеп базасының I қабатын бітіртіп қабылданатындығы айтылды. Мектептің материалдық техникалық базасын нығайту мақсатында демеушілердің және де мұғалімдер көмегімен оқу кабинеттерін жаңа дидактикалық жабдықтармен қамтамасыз жолдарын қарастырып жатқандығын айтып өтті.

«Мектепке жол» акциясына байланысты әлеуметтік педагог тарапынан азық-түлікпен қамтамасыз етілген отбасынан шыққан оқушыларға қыстық сырт киім және де қыстық киімдер 18.500 т көлемінде мұғалімдер тарапынан қайырымдылық көрсетілгені айтылды.

Сөйледі: С.А.Бердіходжаева-Қамқоршылық кеңес мүшесі:








Мектеп директорының есебін тыңдай отырып қазіргі уақыттағы жағдайға байланысты мектеп ұстаздарының оқушыларға білім мен тәрбие беру зор еңбектер атқарып жатқандығын айтты. Мектеп директорының осы уақыт дейін үнемі игі бастамалардың басында жүретінін айтып, есебін жақсы бағалады.

2. Сөйледі: С.С.Садыков-Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Қамқоршылық кеңес отырысының күн тәртібіне қойылған мәселелер толық қамтылғандығын айта отырып, Қамқоршылық кеңес отырысының шешімімен таныстырды.

ШЕШІМІ:

1. Шоқан Уәлиханов атындағы шағын орталықты орта мектебінің директоры Ш.Е.Дайрабаеваның жылдық есебі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында Қамқоршылық кеңес мүшелері тарапынан нәтижелі жұмыстар жандандырылсын.

- | | | |
|----------------------|--|-------------------|
| 1. С.С.Садыков |  | кеңестің төрағасы |
| 2. С.А.Бердіходжаева |  | кеңес мүшесі |
| 3. А.А.Тукбасова |  | кеңес мүшесі |
| 4. Ш.Ж.Көпжасарова |  | кеңес мүшесі |
| 5. Ж.А.Курамаева |  | кеңес мүшесі |
| 6. Ұ.Ә.Әмреев |  | кеңес мүшесі |
| 7. Дидаев Ш |  | кеңес мүшесі |

